


Мектеп директорларына!

Т.Рысқұлов аудандық білім бөлімі ағымдағы жылы жазғы кезеңде білім беру мекемелерінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мақсатында, мектеп жанындағы лагерлерге 1-10 сыныптар аралығындағы оқушыларды қамти отырып, сауықтырылатынын хабарлайды.

Мектеп жанындағы лагерлер ағымдағы жылдың **2-27 маусым** аралығында жұмыс атқарады. Бірінші ауысым **2-17 маусым**, екінші ауысым **18-27 маусым** аралығында жұмыс атқаратын болады. Екі ауысым бойынша балалардың қызығушылығын ескере отырып спорттық, тілдік, дебаттық, көгеріштендіру бағытында түрлі үйірмелермен қамту қажеттігін ескертеді.

Қосымша: 1 бет бөлініс кестесі тіркеледі

Аудандық білім
бөлімінің басшысы



М.Сванов

Орындаған: А.Базаркулова
Тел: 87022461787

Мектеп директорларына!

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі сізге Қарақыстақ тау шатқалында орналасқан жазғы сауықтыру лагері апатты жағдайда болуына байланысты, оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында ағымдағы жылдың 17-29 шілде аралығында Қордай ауданында орналасқан «Балауса» сауықтыру лагеріне жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көп балалы, аз қамтылған санаттағы 200 оқушы сауықтырылатынын хабарлайды.


Осыған орай қосымшада берілген бөлініс кестесіне сәйкес, аталған санаттағы оқушылардың тізімін қалыптастыру қажеттігін ескертеді.

Ескерту: «Балауса» сауықтыру лагеріне баратын оқушылардың тізімі мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес әзірленуі тиіс. Оқушылардың санаты ҰБДҚ базасымен тексерілетін болады.

Қосымша: 1 парақ

№	Оқушының толық аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	ЖСН	Мектебі	Сыныбы	Санаты

Аудандық білім
бөлімінің басшысы



М.Сванов